

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ  
СИТУАЦИЯМ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,  
Мәңгілік ел даңғылы, 8  
2-кіреберіс, тел.: 8 (7172) 60-21-33  
e-mail: mchs@emer.kz

010000, город Астана  
проспект Мәңгілік ел, 8  
2 подъезд, тел.: 8 (7172) 60-21-33  
e-mail: mchs@emer.kz

20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_ № \_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2026 жылғы 17 сәуірдегі № ДЗ-126  
депутаттық сауалға

Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі-ТЖМ) жоғарыда көрсетілген сұрау салуды қарап, мынаны хабарлайды.

**1. Төтенше жағдайлар кезінде халықты эвакуациялау және жинау үшін орындардың болмауы, сондай-ақ оны нормативтік айқындау туралы.**

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 1-бабының 19-тармағына сәйкес ТЖМ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін және Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын **азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган** болып табылады.

Заңның 3-бабында азаматтық қорғаудың негізгі міндеттері айқындалған, олардың бірі **төтенше жағдайлар** (бұдан әрі – ТЖ) туындаған кезде бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу жолымен адамдарды **құтқару және эвакуациялау** болып табылады.

Осы міндетті іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығымен (ҚР ӘМ 2015 жылы 14.04. № 10716 болып тіркелген) Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілді.

Қағидалардың 5-тарауында Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс бастығының (Премьер-Министрдің) өкімі бойынша азаматтық қорғаныс бастықтары (тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері) ведомстволық бағынысты аумақта **эвакуациялық іс-шаралар** жүргізетіні айқындалған.

Халықты таратуды және эвакуациялауды жоспарлауды және жүргізуді тікелей жүзеге асыру үшін **эвакуациялық органдар**, оның ішінде **зардап шеккен халықты қабылдау пункттері** (панасыз, санитариялық шығындарсыз, қайтарымсыз шығындарсыз қалған) (бұдан әрі - ЗШХҚП).құрылады.

ЗШХҚП ТЖ түріне байланысты ТЖ салдарын жою кезеңінде зардап шеккен халықты тікелей қоныстандыруды ұйымдастыруға арналған.

ЗШХҚП орналастырылатын халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін ғимараттар (*медициналық ұйымдар, санаторийлер, демалыс үйлері, балалардың сауықтыру лагерлері, қонақ үйлер, білім беру мекемелері, адамдар жаппай жиналатын объектілер*) бөлінеді.

ЗШХҚП аумақтық деңгейде ТЖ алдын алу және жою жөніндегі комиссия төрағасының немесе ТЖ жою басшысының өкімі бойынша ТЖ туындау немесе туындау қатері төнген кезде өрістетіледі.

ЗШХҚП аумақтық деңгейде ТЖ алдын алу және жою жөніндегі комиссия төрағасының немесе ТЖ жою басшысының ерекше өкіміне дейін халықты қабылдауды және орналастыруды қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта Алматы қаласы әкімінің 2018 жылғы 5 қаңтардағы № 5ө өкімімен (*2022 жылғы 28 қаңтардағы № 123ө өзгерістерімен*) қалада объектілер әкімшілігінің келісімімен (*қаланың мектептері, балабақшалары, колледждері, ЖОО-лары мен стадиондары базасында құрылған*) табиғи және техногендік сипаттағы ірі ауқымды ТЖ жағдайларына **баспанасыз қалған 384 ЗШХҚП құрылды.**

Халықты уақытша орналастыру қабылдау пункттерінің үй-жайларында, сондай-ақ олардың аумағында шатырлы лагерьлерді (*дала асханасы, асхана, медициналық пункт, жатын орындар*) орналастыру арқылы ұйымдастырылатын болады.

Бұдан басқа Бейбіт уақытта эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес (*ҚР ТЖМ 2025 жылғы 29 тамыздағы № 381 бұйрығы*) «қауіпсіз аймақ» ұғымы-ТЖ аймағынан тыс орналасқан аумақ бекітілді.

Алматы қаласының тұрғындарына хабар беру үшін ЗШХҚП туралы мәліметтер Департаменттің, қаланың аудандық әкімдіктерінің ресми сайттарында, 2ГИС-қосымшасында, «Алматы ТЖ» мобильді қосымшасында орналастырылған.

Осылайша объектілерді бекіту және халықты тиісті объектілерге орналастыру тәртібі **нормативтік-құқықтық актілер деңгейінде бекітілген.**

**2. Алматы қаласының бас жоспарында Төтенше жағдайлар кезінде, оның ішінде ықтимал жер сілкінісі кезінде халықты эвакуациялау және жинау үшін қауіпсіз қоғамдық кеңістіктерді қамтамасыз ету жөніндегі жүйелі шешімдердің болмауы.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 1135 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оңтүстік өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасының 109-тармағына сәйкес **өңірдің елді мекендерінде халықты жинау және оны эвакуациялау үшін құрылыс салудан бос аймақтарды жобалау көзделеді.**

Көрсетілген талаптар елді мекендердің дамуын кешенді жоспарлауды айқындайтын негізгі қала құрылысы құжаты болып табылатын елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу кезінде міндетті түрде ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 28-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің құзыретіне **қаланың бас жоспарының жобасын**, қала шегін және қала маңындағы аймақтың шекараларын, сондай-ақ қала аудандарының шекараларын белгілеу және өзгерту жобасын **әзірлеуді ұйымдастыру және мәслихатқа келісу үшін** енгізу жатады.

Бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу кезінде «Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының мазмұны мен

көлемі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығына сәйкес төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерлерін азайтуға және халықпен және объектілерді қорғауға бағытталған **азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларын әзірлеу** сияқты белгілі бір талаптар ескеріледі.

*Анықтама: Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары – бұл халықты қорғау, соғыс уақытында экономика объектілері жұмысының тұрақтылығын арттыру, ықтимал қираулардың, қазіргі заманғы зақымдаушы құралдарды қолдану салдарынан халықтың шығынының болдырмау немесе, зақымдау ошақтарында, авариялар және дүлей зілзалалар аудандарында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.*

Осылайша қауіпсіздік талаптары аумақтық жоспарлау жүйесіне интеграцияланған және қала құрылысы мен инженерлік нормалардың жиынтығы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте қала құрылысы саласындағы заңнама талаптарын бұзу (оның ішінде бас жоспарларды әзірлеу, келісу және іске асыру кезінде) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

**Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар вице-министрі**

**К. Тұрсынбаев**

✉ Р. Мұхаметжанов

☎ 60-21-02

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ  
СИТУАЦИЯМ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,  
Мәңгілік ел даңғылы, 8  
2-кіреберіс, тел.: 8 (7172) 60-21-33  
e-mail: mchs@emer.kz

010000, город Астана  
проспект Мәңгілік ел, 8  
2 подъезд, тел.: 8 (7172) 60-21-33  
e-mail: mchs@emer.kz

20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

*На депутатский запрос  
от 17 апреля 2026 года № ДЗ-126*

Министерство по чрезвычайным ситуациям (далее – МЧС) рассмотрев вышеуказанный запрос сообщает следующее.

**1. Об отсутствии мест для эвакуации и сбора населения при чрезвычайных ситуациях, а также его нормативного определения.**

В соответствии с пунктом 19 статьи 1 Закона Республики Казахстан «О гражданской защите» (далее - Закон) МЧС является уполномоченным органом в сфере гражданской защиты, осуществляющим руководство и межотраслевую координацию, разработку и реализацию государственной политики в сфере гражданской защиты в части предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера, оказания экстренной медицинской и психологической помощи населению, обеспечения пожарной безопасности и организации гражданской обороны.

Статьей 3 Закона определены основные задачи гражданской защиты, одной из которых является спасение и эвакуация людей при возникновении чрезвычайных ситуаций (далее – ЧС) путем проведения аварийно-спасательных и неотложных работ в мирное и военное время.

В реализацию данной задачи, приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 6 марта 2015 года № 190 (зарегистрирован в МЮ РК 14.04.2015 года № 10716) утверждены Правила организации и ведения мероприятий гражданской обороны (далее – Правила).

Главой 5 Правил определено, что по распоряжению начальника гражданской обороны Республики Казахстан (Премьер-Министра) начальники гражданской обороны (акимы соответствующих административно-территориальных единиц) проводят эвакуационные мероприятия на подведомственной территории.

Для непосредственного осуществления планирования и проведения рассредоточения и эвакуации населения создаются эвакуационные органы, в том числе пункты приема пострадавшего населения (оставшегося без крова, санитарных потерь, безвозвратных потерь) (далее – ПППН).

ПППН предназначены для организации непосредственного расселения пострадавшего населения на период ликвидации последствий ЧС в зависимости от типа ЧС.

Под ПППН отводятся здания (*медицинские организации, санатории, дома отдыха, детские оздоровительные лагеря, гостиницы, учреждения образования, объекты с массовым пребыванием людей*), не представляющие угрозу жизни и здоровью размещаемого населения.

ПППН развертывается при угрозе возникновения или возникновении ЧС по распоряжению председателя комиссии по предупреждению и ликвидации ЧС на территориальном уровне или руководителя ликвидации ЧС.

ПППН обеспечивает прием и размещение населения до особого распоряжения председателя комиссии по предупреждению и ликвидации ЧС на территориальном уровне или руководителя ликвидации ЧС.

В этих целях, распоряжением акима города Алматы от 5 января 2018 года № 5ө (*с изменениями от 28.11.2022 года за № 123ө*), в городе по согласованию с администрацией объектов (*созданных на базе школ, детских садов, колледжей, ВУЗов и стадионов города*) на случай крупномасштабных ЧС природного и техногенного характера **созданы 384 ПППН, оставшегося без крова.**

Временное размещение населения, будет организовано в помещениях пунктов приема, а также на их территории путем развертывания палаточных лагерей (*полевая кухня, столовая, медицинский пункт, спальные места*).

Кроме этого, в соответствии с Правилами организации и проведения эвакуационных мероприятий в мирное время (*Приказ МЧС РК от 29 августа 2025 года № 381*) закреплено понятие «безопасная зона» – территория, расположенная за пределами зоны ЧС.

Для информированности населения г. Алматы, сведения о ПППН размещены на официальных сайтах Департамента, районных акиматов города, в приложении 2ГИС, мобильном приложении «ЧС Алматы».

Таким образом, порядок утверждения объектов и размещения населения на соответствующих объектах **закреплен на уровне нормативно-правовых актов.**

**2. Отсутствие в генеральном Плане г. Алматы системных решений по обеспечению безопасных общественных пространств для эвакуации и сбора населения при чрезвычайных ситуациях, в том числе при возможных землетрясениях.**

В соответствии с п. 109 Межрегиональной схемы территориального развития Южного региона Республики Казахстан, утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 декабря 2025 года № 1135 в населенных пунктах региона, **предусматривается проектирование зон, свободных от застройки, для сбора населения и его эвакуации.**

Указанные требования в обязательном порядке учитываются при разработке генеральных планов населенных пунктов, которые являются основным градостроительным документом, определяющим комплексное планирование развития населенного пункта.

В соответствии с п.п. 3) п. 2 ст.28 Строительного Кодекса Республики Казахстан в компетенцию акиматов городов республиканского значения и столицы относится **организация разработки и внесение на согласование в маслихат проекта генерального плана города, проекта установления и изменения городской черты и границ пригородной зоны, а также границ районов города.**

При разработке генеральных планов и проектов детальной планировки учитываются определенные требования, в том числе **разработка инженерно-технических мероприятий гражданской обороны** направленные на снижение рисков возникновения чрезвычайных ситуаций и защиту населения и объектов согласно приказу Министра внутренних дел Республики Казахстан от 24 октября 2014 года № 732 «Об утверждении Инструкции по содержанию и объемам инженерно-технических мероприятий гражданской обороны».

***Справочно:*** Инженерно-технические мероприятия гражданской обороны – это комплекс мероприятий, проводимых в целях защиты населения, повышения устойчивости работы объектов экономики в военное время, предотвращения или снижения возможных разрушений, потерь населения в результате применения современных средств поражения, создания условий для проведения аварийно-спасательных и неотложных работ в очагах поражения, районах аварий и стихийных бедствий.

Таким образом, требования безопасности уже интегрированы в систему территориального планирования и реализуются через совокупность градостроительных и инженерных норм.

При этом, нарушение требований законодательства в сфере градостроительства (в том числе при разработке, согласовании и реализации генеральных планов) влечет ответственность, предусмотренную законами Республики Казахстан.

**Вице-министр  
по чрезвычайным ситуациям  
Республики Казахстан**

**К. Турсынбаев**

✉ Р. Мухаметжанов

☎ 60-21-02



**БҰЙРЫҚ**

2024 ж. 21.02

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№

61

город Астана

**Қазақстан Республикасы Төтенше  
жағдайлар министрлігінің  
бизнес-процестерін бюрократиядан  
арылтудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығының 10-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Манадай Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) бизнес-процесі бюрократиядан арылту қағидаттарын қатаң сақтауға бағытталсын:

мәннің нысаннан басымдығы (нақты және өлшенетін нәтиженің оған қол жеткізу жөніндегі жұмыс нысанынан басым болуы);

әдепкі қалпы бойынша цифрландыру (мемлекеттік органдардың азаматтармен, бизнеспен және бір-бірімен цифрлық форматта жан-жақты өзара іс-қимыл жасауының басымдығы);

басқарушылық жауапкершілік (нақты басшының құзыреті аясына кіретін шешімдерді қабылдау мен мәселелерді келісуді жоғары тұрған деңгейге және алқалы органдарға беруге жол берілмейтін);

үздіксіз жетілдіру (мемлекеттік аппараттың бюрократияны қысқартуға, жүйелі реинжинирингке және ішкі рәсімдер мен процестерді оңтайландыруға ынталандыратын ұйымдастырушылық мәдениетін қалыптастыру және қолдау);

регламенттеудің оңтайлылығы (қызметті регламенттеудің оңтайлы қажетті деңгейін белгілеу, жаңа жеткіліксіз негізделген бюрократиялық талаптарды, есептілік пен бақылау түрлерін енгізуге жол бермеу);

2. Жетекшілік ететін вице-министрлерге және Министрлік аппаратының басшысына мынадай құжаттарға қол қою құқығы берілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты, Қазақстан Республикасы Парламенті басшылығының, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің аттарына жолданатын хаттарды қоспағанда, Министрліктің

002798

тұжырымдамалық сипаттағы ұстанымын қамтитын және осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген ережелерді ескере отырып, орталық мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға хаттар;

2) «ПӘ» адресатын көрсете отырып Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің (бұдан әрі - ПӘ) құрылымдық бөлімшелерінің тікелей сауалдарына жауаптар;

3) Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының, Президент Кеңесі бастығының, Президенттің көмекшілерінің немесе кеңесшілерінің атына олар жетекшілік ететін бағыттарға байланысты жолданатын Президент пен ПӘ Басшысының тапсырмалары бойынша аралық ресми есептілік (аппарат басшысын қоспағанда);

4) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атына жазылған хаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына аралық есептерді, бұл ретте хатта Министрліктің бірінші басшысымен (аппарат басшысын қоспағанда) келісу туралы көрсету қажет;

5) Министрлікке келісу үшін енгізілетін бірлескен нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, өзге де мемлекеттік органдар әзірлейтін құқықтық актілердің жобалары;

6) Министрлік жауапты әзірлеуші болып табылмайтын заң жобаларына Қазақстан Республикасы Үкіметі қорытындыларының жобалары;

7) акцияларының мемлекеттік пакеттерін және ұйымдардың қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтары Министрлікке берілген акционерлік қоғамдардың тәуелсіз директорымен, атқарушы органның басшысымен не атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғамен жасалған шарттар (оның ішінде оларға қосымша келісімдер);

8) Министрліктің қарамағындағы аумақтық бөлімшелерге, ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарға қатысты шешімдер;

9) Министрлік атынан акционерлік қоғам директорларының акционерлер кеңесінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап;

10) мемлекеттік органдармен және меншік нысанына қарамастан ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдер, меморандумдар (оның ішінде оларға қосымша келісімдер).

3. Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына мынадай құжаттарға қол қою құқығы берілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тапсырмаларын іске асыруға жолданатын хаттарды қоспағанда, Министрліктің, оның ішінде қызметтік электрондық поштаны пайдалана отырып ұсыныстары мен ескертулерінің жоқтығы туралы ұстанымы жоқ не ұстанымы бар орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға хаттар;

2) Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарына, жергілікті атқарушы органдарға, өзге де ұйымдарға, Министрліктің аумақтық және ведомстволық бағынысты бөлімшелеріне жолданатын тұжырымдамалық сипатты қамтымайтын ұйымдық-техникалық сипаттағы хаттар, оның ішінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жүйелі негізде ұсынылатын есептік ақпараты бар түсіндіру сипатындағы хаттар;

3) Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарына, жергілікті атқарушы органдарына, өзге де ұйымдарға, Министрліктің аумақтық және ведомстволық бағынысты бөлімшелеріне жолданатын кеңестерге немесе ұйымдық сипаттағы отырыстарға (ілеспе хаттар, телефонограммалар және құрылымдық бөлімшелердің құзыреті шегінде іс-шараларды өткізу мәселелері жөніндегі хаттар) кандидатура ұсыну туралы хаттар;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына, Қазақстан Республикасының Парламентіне жолданатын хаттарды қоспағанда, құрылымдық бөлімшенің құзыреті шегінде ақпарат беру туралы мемлекеттік органдарға, аумақтық бөлімшелерге, ведомстволық бағынысты ұйымдарға сауалдар;

5) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 65-бабына сәйкес өтініштерді қайта бағыттау туралы хаттар.

4. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларына не оларды алмастыратын тұлғаларға құзыреті шегінде ведомствоаралық кеңестерге қатысуға және Министрліктің ұстанымын білдіруге, сондай-ақ, «Документолог» жүйесінде құжаттарды бірлесіп орындауға жібере отырып, бірлесіп орындаушыларды дербес айқындауға өкілеттік берілсін.

5. Кеңестерді жоспарлау және ұйымдастыру кезінде олардың санын қысқартсын; құзыретіне күн тәртібіндегі мәселелерді шешу көзделген адамдарды ғана олардың отырыстарына шақырсын; онлайн платформаларды (ZOOM және т. б.) барынша пайдалансын, жиналыстардың ұзақтығы 40 минуттан аспауы керек;

6. Басшы құрам қатарындағы лауазымды тұлғалар, Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту департаменті кіріс құжаттарды құрылымдық бөлімшелердің құзыреті және институционалдық жады жөнінде олар бұрын караған құжаттар шеңберінде ғана жолдасын.

7. Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту департаменті мемлекеттік органдардан, аумақтық бөлімшелерден және ведомстволық бағынысты ұйымдардан келіп түскен Министрліктің тапсырмаларына не сұрау салуына жауаптарды тікелей мәселемен айналысатын және бұрын тиісті хат жолдаған орындаушыға жолдасын.

8. Аумақтық бөлімшелердің, ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдардың басшылары Министрліктің Штаб-департаментіне оң тәжірибе тарату үшін тиісті ақпаратты бір ай мерзімде ұсына отырып жұмыс процестерін бюрократиядан арылту бойынша барынша жұмыс жүргізісін.

9. Мына:


1) «Ұйымдастырушылық-техникалық құжаттарға қол қою құқығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 17 мамырдағы № 160 бұйрығының;

2) «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрлеріне нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу жөніндегі өкілеттіктер беру туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 200 бұйрығының күші жойылсын.

10. Министрліктің вице-министрлері, құрылымдық және аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары осы бұйрық талаптарының сақталуына дербес жауап береді.

11. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі**

A handwritten signature in black ink, consisting of several vertical strokes followed by a horizontal line and a small flourish at the end.

**Ч. Аринов**



**БҰЙРЫҚ**

21.02.2024г.

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№

62

город Астана

**О некоторых вопросах  
дебюрократизации бизнес-процессов  
Министерства по чрезвычайным ситуациям  
Республики Казахстан**

В соответствии с Административным процедурно-процессуальным кодексом Республики Казахстан, подпунктом 1) пункта 10 Указа Президента Республики Казахстан от 13 апреля 2022 года № 872 «О мерах по дебюрократизации деятельности государственного аппарата», Регламентом Правительства Республики Казахстан, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 января 2023 года № 10, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Бизнес-процесс Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан (далее – Министерство) ориентировать на строгое соблюдение принципов дебюрократизации:

приоритет сущности над формой (главенство конкретного и измеримого результата над формой работы по его достижению);

цифровизация по умолчанию (приоритет всестороннего взаимодействия государственных органов с гражданами, бизнесом и между собой в цифровом формате);

управленческая ответственность (недопустимость передачи принятия решений и согласования вопросов, входящих в сферу компетенций конкретного руководителя, на вышестоящий уровень и коллегиальным органам);

непрерывное совершенствование (формирование и поддержание организационной культуры, стимулирующей сокращение бюрократии, системный реинжиниринг и оптимизацию внутренних процедур и процессов);

оптимальность регламентации (установление оптимально необходимого уровня регламентации деятельности, недопущение введения новых недостаточно обоснованных бюрократических требований, видов отчетности и контроля).

2. Предоставить право подписи курирующим вице-министрам и руководителю аппарата Министерства на следующих документах:

1) писем в центральные государственные органы, местные исполнительные органы, которые содержат позицию концептуального характера Министерства, за исключением писем, направляемых на имя руководства Администрации Президента Республики Казахстан, Совета Безопасности Республики Казахстан, Правительства Республики Казахстан, Аппарата Правительства Республики

002799

Казахстан, Парламента Республики Казахстан, а также акимов областей, городов республиканского значения и столицы и с учетом положений, предусмотренных подпунктом 3) настоящего пункта;

2) ответов на прямые запросы структурных подразделений Администрации Президента Республики Казахстан (далее - АП) с указанием адресата «АП»;

3) промежуточной официальной отчетности по поручениям Президента и Руководителя АП, направляемой в адрес Секретаря Совета Безопасности, начальника Канцелярии Президента, помощников или советников Президента в зависимости от курируемых ими направлений (за исключением руководителя аппарата);

4) промежуточные отчеты в Аппарат Правительства Республики Казахстан, за исключением в адрес Премьер-Министра Республики Казахстан, при этом в письме необходимо указать о согласовании с первым руководителем Министерства (за исключением руководителя аппарата);

5) проектов правовых актов, разрабатываемых иными государственными органами, за исключением совместных нормативных правовых актов, вносимых в Министерство для согласования;

6) проектов заключений Правительства Республики Казахстан на законопроекты, по которым Министерство не является ответственным разработчиком;

7) договорах (в том числе дополнительных соглашениях к ним) с независимым директором, руководителем исполнительного органа либо лицом, единолично осуществляющим функции исполнительного органа акционерных обществ, права владения и пользования государственными пакетами акций которых и долями участия организаций переданы Министерству;

8) решениях Министерства в отношении территориальных подразделений, подведомственных учреждений и организаций, находящихся в его ведении;

9) требование о созыве внеочередного общего собрания акционеров совета директоров акционерных обществ от имени Министерства;

10) соглашениях, меморандумах (в том числе дополнительных соглашениях к ним) о сотрудничестве с государственными органами и организациями, независимо от формы собственности.

3. Предоставить право подписи руководителям структурных подразделений Министерства на следующих документах:

1) писем в центральные государственные и местные исполнительные органы, которые не содержат позицию либо содержат позицию об отсутствии предложений и замечаний Министерства, в том числе с использованием служебной электронной почты, за исключением писем, направляемых в реализацию поручений Администрации Президента Республики Казахстан, Парламента Республики Казахстан, Совета Безопасности Республики Казахстан, Правительства Республики Казахстан, Аппарата Правительства Республики Казахстан;

2) писем организационно-технического характера не носящих концептуальный характер, направляемых в центральные государственные органы, местные исполнительные органы, иные организации Республики Казахстан, территориальные и подведомственные подразделения Министерства, в том числе писем с отчетной

информацией, предоставляемой на системной основе, разъяснительного характера по вопросам отнесенным к компетенции структурных подразделений Министерства;

3) писем о представлении кандидатуры на совещания или заседания организационного характера (сопроводительные письма, телефонограммы и письма по вопросам проведения мероприятий в пределах компетенции структурных подразделений), направляемых в центральные государственные органы, местные исполнительные органы, иные организации Республики Казахстан, территориальные и подведомственные подразделения Министерства;

4) запросы в государственные органы, территориальные подразделения, подведомственные организации о предоставлении информации в пределах компетенции структурного подразделения, за исключением писем, направляемых в Администрацию Президента Республики Казахстан, Совет Безопасности Республики Казахстан, Аппарат Правительства Республики Казахстан, Парламент Республики Казахстан;

5) писем о перенаправлении обращений в соответствии со статьей 65 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

4. Уполномочить руководителей структурных подразделений, либо лиц, их замещающих в пределах компетенции участвовать и выражать позицию Министерства в межведомственных совещаниях, а также в системе «Документолог» самостоятельно определять соисполнителей с направлением документов на соисполнение.

5. При планировании и организации совещаний сократить их количество; приглашать на их заседания, только лиц в компетенции которых предусмотрено разрешение вопросов повестки дня; максимально использовать онлайн платформы (ZOOM и др.), продолжительность совещаний не должно превышать 40 минут;

6. Должностным лицам из числа руководящего состава, Департаменту документационного обеспечения и развития государственного языка направлять на исполнение входящие документы только в рамках компетенции структурных подразделений и ранее рассмотренных ими документов по институциональной памяти.

7. Департаменту документационного обеспечения и развития государственного языка, поступившие из государственных органов, территориальных подразделений и подведомственных организаций ответы на поручения либо запрос Министерства документы направлять напрямую исполнителю, непосредственно занимающемуся вопросом и ранее направившему соответствующее письмо.

8. Руководителям территориальных подразделений, подведомственных учреждений и организаций максимально провести работу по дебиюрократизации рабочих процессов с внесением в месячный срок соответствующей информации для распространения положительного опыта в Штаб-Департамент Министерства.

9. Отменить:

1) приказ исполняющего обязанности Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан от 17 мая 2022 года № 160 «О делегировании прав на подписание организационно-технических документов»;


2) приказ Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан от 1 июня 2022 года № 200 «О наделении вице-министров по чрезвычайным

ситуациям Республики Казахстан полномочиями по согласованию проектов нормативных правовых актов».

10. Вице-министры, руководители структурных и территориальных подразделений и подведомственных организаций Министерства несут персональную ответственность за соблюдение требований настоящего приказа.

11. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Министр  
по чрезвычайным ситуациям  
Республики Казахстан**

A handwritten signature in black ink, consisting of several vertical strokes followed by a horizontal line and a small flourish at the end.

**Ч. Аринов**